

"Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қараша N 91. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1343 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Зейнетақы активтерін шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына орналастыру кезінде зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың тәуекелдерін төмендету мақсатында және рейтингтік агенттік атауының өзгеруіне байланысты "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасының және 51-бабының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 642 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларында (Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағы, 1998 жыл, II том, 241-бет; "Рынок и право". "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналына қосымша, 1999 ж., N 2(3), 17-бет; N 7(8), 9, 10, 12-беттер; N 8(10) 16-бет; 2000 ж., N 1(2), 9-бет;

N 5 (1 0) , 7 - б е т) :

3 - 2 - т а р м а ғ ы н д а :

1) 1) тармақшасындағы "Fitch IBCA" сөздері "Fitch IBCA, Duff & Phelps" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 2) тармақшасындағы "Fitch IBCA" сөздері "Fitch IBCA, Duff & Phelps" сөздерімен ауыстырылсын;

3) 3) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"Fitch IBCA" сөздері "Fitch IBCA, Duff & Phelps" сөздерімен ауыстырылсын;
("Moody's" жіктеуі бойынша)" деген сөздерден кейін ", осы бағалы қағаздардың Ұлттық комиссия Директоратының келісуімен зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген шартымен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және кастодиан - банктердің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң Т ө р а ғ а с ы

Комиссияның мүшелері